Ushqyr oıla! Bіikke samǵa! Álemdi sharla!

# Farabı shákirti



№09
ҚЫРКҮЙЕК
2025

@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



«Өмеш асуы»
Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы

Сурет: ЖИ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың**

# «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ»

**атты Қазақстан халқына Жолдауынан**



«Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс.

Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс.

Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкімет цифрландыру ісі мен жасанды интеллектіні дамытуға арналған «Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлейді. Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады.

Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол дей аламыз.

Цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде мемлекетіміздің ұлттық стратегиялық мүддесіне сай келетін теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясаты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орнықты дамуымызға зор ықпал етеді деп сенемін».

**08 қыркүйек, 2025 жыл, Ақорда**

**Farabı shákirti**

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

**№ 9 (73) қыркүйек 2025**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: + 7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839 Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# СЕКІЛДІ ӨШПЕС АЛТЫН, СӨНБЕС МҰРА

## ДАНИЯР БАЛА

Данияр отыр, міне, сурет қарап,
Ұшырып әкетердей көңіл қанат.
Қайтсем де туған елге апарам деп,
Бір батыр келе жатыр күнді арқалап.

Данияр сол суретке қарады да,
Қуаныш үйірілді қабағына.
Қызықтап көп отырды күн суретін,
Ұнатты күн көтерген баланы да.

Дүние жарылқанып тұр жасарып,
Үніне кең даланың үн қосалық.
Ұнады енесіне ерген бұзау,
Құлын да құлдилаған қырда шауып.

Ұмытып сыпайылық, парасатты,
Тал түсте қасқыр келіп қойға шапты.
Қасқырдың озбырлығын ұнатпады,
Журналдың Данияр бала бетін жапты.

**Тұманбай Молдағалиев**

## БАЛА

Адамға бала сүю бір қазына,
Секілді өшпес алтын, сөнбес мұра.
Уілдеп күнмен ойнап күлген бөбек.
Өмірдің ұқсамай ма бұлбұлына.

Оралып етегіне былдырлаған
Жүгіріп өзін-өзі құр-құрлаған.
Баланың жат тілі мен қызық даусы,
Естілер ақ күмістей сылдырлаған.

Адамның тек баладан бөлек жаны,
Болмаса бала күні - таң шолпаны.
Ақ маңдай, торсық шеке бал бөбекті!
Бір сүйсе басылмай ма шаршағаны.

**Жұмағали Саин**

## ТОҚТА, БАЛА

Тоқта, бала, шет тілде шүлдірлеме,
Қадірін қашырасың тілдің неге?
Сұңқардай саңқылдауға міндеттісің,
Қарғадай қарқылдама, бұлбұл неме!

Сен туғанда қай тілде іңгәләдің,
Бесік жыры емес пе тыңдағаның,
Ана тілің қазақтың тілі шығар?
Бабаңның шежіресін бір қарағын!

Көкке қарап ұлысаң, зорсың, бала,
Жерге қарап шошқадай қорсылдама!
Қара көзім, көк көз де, қысық көз де,
Ешкімің емес, сенің - көршің ғана!

Ешкімің емес олар енші берген,
Бірақ, бала, тату бол көршілермен!
Қазағыңмен қазақша сөйлесе бер,
Әлдеқашан босадың сен шідерден!
Өзге тілде ойлайсың, ішіп-жейсің,
Бәрі, бәрі болашақ үшін дейсің.
Бұл өлеңді несіне жаздым екен?
Сен бәрібір қазақша түсінбейсің!

**Ершат Қайболдин**

*Сурет: https://kazpravda.kz/*





# Мемлекет басшысы бокстан Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты

**Президент Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелерін Әлем чемпионатындағы тамаша жеңісімен құттықтап, бұл еліміз үшін тарихи оқиға, халқымыз үшін үлкен қуаныш екенін атап өтті.**

Қазақстан 68 мемлекеттің арасынан үздік шығып, бірінші орынға ие болды. Әлемдік бәсекеде Әнұранымыз жеті рет шырқалды, Көк туымыз жеті рет желбіреді. Барша жұртымыз сіздерге тілеулес болды. Әрине, кілең мықтылар жиналған жаһандық аламанда топ жару оңай емес. Бұл жетістік жылдар бойғы табанды еңбекпен, маңдай термен келгені анық. Біздің ұл-қыздарымыз бокстың отанына барып, өздерінің нағыз мықты спортшы екенін дәлелдеді. Санжар Тәшкенбай және Махмұд Сабырхан әлемнің екі дүркін чемпионы атанды. Төрехан Сабырхан мен Айбек Оралбайдың ерекше өнеріне жаһан жұрты тәнті болды. Боксшы қыздарымыз әлемдік жарыста шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева және Наталья Богданова алтын медаль алып, жеңіс тұғырына көтерілді. Назым Қызайбай шаршы алаңға бірінші болып шығып, елімізге ақжолтай жүлде әкелді. Виктория Графеева және Елдана Тәліпова қола медаль жеңіп алды. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қайрат Сәтжанов, Елдос Сайдалин бастаған бапкерлерге және басқа да мамандарға зор алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Туризм және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитеті көп жұмыс атқарғанына тоқталып, Қазақстан Бокс федерациясының еңбегін ерекше атап өтті.

Біз үшін жекпе-жек спортының орны қашанда бөлек. Соның ішінде әйгілі Шоқыр Бөлтекұлы негізін қалаған қазақ боксының өз тарихы бар. Өткен ғасырдың ортасынан бері көптеген спортшымыз әлемді мойындатты. Тәуелсіздік кезеңінде аға буынның даңқты жолы үзілген жоқ. Жазғы олимпиада ойындарынан ел қоржынына түскен 15 алтынның жетеуі – боксшыларға тиесілі. Бұл сабақтастық болашақта лайықты жалғасын табады деп сенеміз. Оған барлық мүмкіндік бар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалғанын,



инфрақұрылымды жақсартуға баса мән беріліп жатқанын айтты.

Балаларға арналған жаттығу залдары, үйірмелер ашылуда. Ауылдық жерлерде заманға сай спорт кешендері бой көтеруде. Менің тапсырмаммен биыл Ұлттық спорт университеті ашылады. Боксты дамытуға арналған нақты шаралар қолға алынып жатыр. Жалпы, біздің еліміздің бокстағы әлеуеті орасан зор. Мұны әлемдік спорт қауымдастығы да мойындайды. Спортшыларымыз – өте дарынды, әлем чемпиондары аз емес. Сондықтан мемлекет боксқа басымдық беріп, оны ұдайы назарда ұстайды. Осы бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жүргізілуге тиіс. Біз боксты ұлттық спорт деңгейіне көтеруіміз керек. Бұл – өте маңызды міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, World Boxing аясында алғаш рет өткен Әлем чемпионатындағы нәтиже – Ұлттық құраманың бірлескен жұмысының жемісі. Боксшылар, бапкерлер, менеджерлер, спорт дәрігерлері мен басшылар бірігіп, бүгінгі жетістікке жетті.

– Сондықтан жеңіс тұғырынан көрінген спортшылармен қатар, бұл айтулы жеңіске үлес қосқан әрбір азаматты құрметтеуіміз керек. Бокстағы жоғары бәсекелестікті, сондай-ақ оны дамытудың заманауи үдерістері пайда болғанын ескере отырып, Ұлттық құраманы даярлауға кәсіби мамандарды тартып, озық инновациялық шешімдерді белсенді енгізу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев даңқты спортшы Геннадий Головкинге боксты Олимпиада ойындарының бағдарламасына қайтаруға атсалысқаны үшін ризашылығын білдірді.

Әлемдік сайыста ел намысын қорғау – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Сіздердің жеңістеріңіз жастардың спортқа деген құлшынысын арттырады. Спортшыларымыз ұлт саулығын жақсартуға үлес қосып жатыр деп айтуға болады. Чемпион болу – ел мерейін асыру деген сөз. Спортшылардың даңқы – барша халықтың даңқы. Олардың мәртебесі – бүкіл мемлекеттің мәртебесі. Сондықтан біз спортшыларымыздың әр жетістігін мақтан тұтуымыз керек. Бір ел болып, чемпиондарымызды ұлықтап, олардың еңбегін жоғары бағалап, қоғамда жан-жақты дәріптеуіміз қажет. Мұның бәрі спортты насихаттап, саламатты қоғам құру үшін өте маңызды. Мемлекет сіздерді әрдайым қолдайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы әлемге әйгілі спортшы болу үлкен жауапкершілік жүктейтініне, жастардың чемпиондарға қарап бой түзейтініне назар аударды. Сондықтан сөзбен, іспен, күнделікті мінез-құлық, жүріс-тұрыспен, әдеп-дағдымен көпке үлгі болу өте маңызды деп атады.

Жастарды отаншыл, еңбекқор, білімпаз, тәртіпті, жинақы, ұйымшыл, жаңашыр болуға баулу керек. Мен сіздерді чемпион деген атқа лайық еліміздің мықты спортшылары деп есептеймін. Жалпы, үлкен спортта биікке көтерілу оңай емес екені белгілі. Ал сол биікте қалу – одан да қиын жұмыс. Сондықтан жеткен жетістікке масайрап, босаңсуға болмайды. Алдымызда тұрған үлкен белес – Лос-Анджелестегі жаһандық дода. Олимпиаданың жеңіс тұғырына шығу – әр спортшының арманы. Бүкіл Қазақстан халқы сіздерге сенеді, үміт артады. Ел сенімін ақтау үшін қазірден бастап дайындыққа кірісу керек. Мен Ұлттық құраманың осы жеңісін Олимп шыңына бастайтын маңызды қадам деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**https://akorda.kz**





# Мемлекет басшысы Шахмат үйіне барды

**2025 жылғы 16 қыркүйек**
**Ақмола облысы, Көкшетау қаласы**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысына жұмыс сапары аясында Көкшетау қаласындағы Шахмат үйін аралап көрді.

Қопа көлінің жағасында орналасқан ғимарат бұрын Президент резиденциясы болған. Мемлекет басшысының тапсырмасымен аталған нысан балалардың игілігіне беріліп, былтыр желтоқсан айында Шахмат үйі ретінде есігін айқара ашты.

Бүгінде арнаулы орталықта оқу-жаттығу жиындары, гроссмейстерлердің шеберлік сағаттары ұйымдастырылып тұрады. Спортшылар беделді бәсекелер алдында осы жерде дайындығын пысықтайды.

Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турловтың айтуынша, көрікті табиғат аясындағы бірегей кешенде спортшылардың өз шеберлігін алаңсыз шыңдауына қолайлы жағдай жасалған. Соңғы жылдары шахмат «медаль көп әкелетін» спорт түріне айналды. Былтыр отандық




спортшылар халықаралық жарыстардан 160 медаль жеңіп алған болатын.

Қасым-Жомарт Тоқаев жас спортшылармен және ұлттық құрама мүшелерімен әңгімелесу барысында мемлекет шахматты дамытуға, сондай-ақ балалар мен жастар арасында насихаттауға ерекше мән беретінін атап өтті.

Президент аталған ойын стратегиялық тұрғыдан ойлауға машықтандыратынын, тәртіпті күшейтіп, төзімділік пен жауапкершілікке үйрететінін айтты.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы жас шахматшылармен суретке түсіп, шахмат тақтасына естелік жазба қалдырды.

**https://www.akorda.kz/**




**Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жаңа логотипін таныстырды. Логотип Қазақстанның жоғары технологиялық әрі тұрақты цифрлық экожүйесін құруға бағытталған стратегиялық бағытын бейнелейді.**

***Шеңбер – ұлттық мәдениет пен біріктің негізі саналатын шаңырақты, сондай-ақ әлемдік масштаб пен планетаны білдіреді. Осылайша Қазақстанның әлемге ашықтығын айқындайды.***

***Шеңбер ішіндегі шаршы – ұлттық AI-инфрақұрылымының өзегін құрайтын микрочип пен суперкомпьютерлік жүйелерді білдіреді.***

***Тор – цифрлық матрицаны еске салады. Мұндағы әрбір ұяшық жалпы қозғалыстың: мемлекет, бизнес, ғылым мен қоғамның элементі.***

***Логотип түстері – дәстүр сабақтастығы мен болашаққа ұмтылысты бейнелейді.***

Жаңа белгі жоғары технологиялар мен ұлттық құндылықтардың символикасын біріктіре отырып, Министрліктің (ЖИ және цифрландыруды тұрақты даму мен ортақ өркендеудің қозғаушы күші ету) миссиясын айқын көрсетеді.

Қазақстанда жасанды интеллект министрлігі құрылды. Енді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі қайта ұйымдастырылып, оның атауы: «Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі» болып өзгертілді. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру аясында Президент жаңа Жарлыққа қол қойған болатын.

**Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің ресми парақшасынан алынды.**

# Жұлдыз Сүлейменова Оқу-ағарту министрі болып тағайындалды



**Мемлекет басшысының Жарлығымен Жұлдыз Досбергенқызы Сүлейменова Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі болып тағайындалды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Жұлдыз Сүлейменова - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VII және VIII шақырылымдарының депутаты, PhD докторы, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшесі.

Парламенттік қызметі аясында Жұлдыз Сүлейменова халықты әлеуметтік қорғау, білім беру және ғылым жүйесін дамыту, сондай-ақ әйелдердің құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысты. Ол мемлекеттік органдардың жұмысындағы ашықтықты арттыруға және азаматтық қоғамның басқару шешімдерін қабылдау үдерісіне қатысуын күшейтуге бағытталған «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және талқылау жөніндегі жұмыс тобына жетекшілік еткен.

Сонымен қатар Жұлдыз Сүлейменова әйелдердің құқықтарын қорғау туралы заңның авторы болып саналады. Мәжіліс қабырғасында ол осыған қатысты жұмыс тобына жетекшілік еткен. Бұл заң әйелдерді қолдауға бағытталған кешенді шараларды және олардың құқықтық қорғалуын күшейтуді, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуды көздейді.

Жұлдыз Сүлейменова Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрамына кіреді. Сондай-ақ ол «AMANAT» партиясы фракциясы жетекшісінің орынбасары және партияның Әйелдер қанатының тең төрағасы қызметін атқарады.

Өз қызметінде ол әсіресе ауылдық аймақтарда әйелдердің білім мен ғылымға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударады.

2000-2004 жж. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) Тарих факультеті, «Тарих» мамандығы бойынша бакалавриат;

2006-2008 жж. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті, «Мәдениеттану» мамандығы бойынша докторантура;

2008-2011 жж. ҚазҰУ докторантурасын «Философия және саясаттану» мамандығы бойынша бітірді. 2012 жылы «Мәдениеттану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алды.

2021 жылдың 15 қаңтарынан 2023 жылдың 19 қаңтарына дейін — «Нұр Отан» партиясының партиялық тізімі бойынша сайланған Қазақстан Парламенті Мәжілісінің VII сайланым депутаты, әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі. 2022 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Президентінің қарамағындағы Ұлттық Құрылтайға мүше болды.

2023 жылдың 29 наурызынан бастап – «Аманат» партиясының партиялық тізімі бойынша сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VIII сайланым депутаты болды.

**https://akorda.kz/**

# АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР



**Абай Құнанбайұлы ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау етіп 45 қарасөзін жазған. Абай Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде шығарманың көркемдігіне ғана назар аударып коймай, оның жеткізер ойының тереңдігіне, логикалық мәніне де көңіл бөлген.**

Сөйтіп көркемдік шеберлігі мен ғылыми зерделігі арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырған. Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Ұлы ақынның қарасөздері – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің асыл қазынасы. Бұл шығармаларында ақын тек қана көркем ой айтып қоймай, халықты тәрбиелеу, қоғамдық сананы ояту, елдің даму бағытын көрсету мақсатын да көздеді. Сол себепті қарасөздерінде публицистикалық пікірлер айқын байқалады.

Абайдың публицистикалық ерекшелігі – өмірдігі құбылыстарды шынайы талдап, халыққа тікелей үн қатуында. Мысалы, Оныншы сөзінде ол қазақ халқының еріншектік пен жалқаулыққа бейімдігін сынаған. Еңбек етпей, мал таппай ел болудың мүмкін еместігін дәлелдеген. Тек мал тауып жүре берудің де қате екенін атқан, тапқан малды жыйнай бермей білімге жұмса деген. «Хош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек». Бұл – публицистикаға тән әлеуметтік мәселені көтеру әрі оны шешудің жолын көрсету.

«Он жетінші сөзінде» - Абай адам бойындағы қайрат, ақыл, жүрек үш қасиетті салыстыра отырып, олардың бір адамдағы үйлесімі арқылы ғана адам толық кемелдікке жететінін түсіндіреді. Егер олар ала болса жүрек билейді, егер тату болса табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам болады. Мұндағы ой-толғам тек философиялық емес, публицистикалық сипаты да басым, себебі ол халықты жақсы жаққа өзгеруіне арналып, қоғамдық өмірді жақсартуға бағытталған.

Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының «Қырық үшінші қарасөзінде» - жан мен тәнді салыстырады, яғни сол екеуінің арасында болып жатқан нәрселерді айтады. Жан қуатының үш жағын көрсетеді: 1) жігер мен сергектік «… болмаса, көп білуге көп оқу онды пайда бермейді». 2) заттардың бір-біріне тартатын ұқсастық күшін білуге құштарлық. 3) «жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттықпен кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады» деп, білудің және оны тұрақты дамытудың негізі осы үш ғылымның бастауы қуат көзі деп қарастырады. Сөзінде ақын білім мен ғылымға шақырып, «Ғылымсыз өмірдің мәні жоқ» деген тұжырым жасайды. Бұл – замана талабына жауап берген публицистикалық үндеу. Абайдың жастарды оқу-білімге шақыруы қоғамды ілгерілетуге бағытталған әлеуметтік ой-пікірлердің көрінісі.

Абай карасөздеріндегі публицистикадық ой – оның қазақ халқын ояту, ағартушылыққа жетелеу миссиясымен тығыз байланысты. Ол елдің болашағын ғылым мен еңбекке негіздеп, әділетті қоғам орнатуды армандаған. Адамның күні білімділігіне байланысты болатынын о бастан білген Қорытындылай келе, Абайдың қарасөздері – көркем әдебиет пен публицистиканың тоғысқан тұғыры. Ондағы әлеуметтік ойлар бүгінгі күнге дейін өзекті болып, қоғамға бағыт-бағдар беретін рухани бағдаршам қызметін атқарып келеді.



**ТӨЛЕУХАНОВА Нұрдана,**
**ҚазҰУ-дың 1-курс студенті,**
**Ғылыми жетекші: ф.ғ.к.,**
**доцент Р.С.ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА**
**Сурет: https://egemen.kz**



# Ұлттың ардақтысы хәкім Абай




24 қыркүйек күні республикалық «Kitap time – 2025» кітап фестивалі аясында Тастұмсық ауылдық кітапханасы және Олег Кошевой атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің ұйымдастыруымен «Ұлттың ардақтысы хәкім Абай» атты әдеби-танымдық сағат ұйымдастырылды.

Әдеби - танымдық сағат қадірлі аға буын өкілдері Абайдың әндерін шырқаумен басталды. Жас оқырмандар Абай жырларын жатқа оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Асия Паизова «Абай және қазақ әдебиеті» атты жасанды интелект арқылы жасалған видеосын көпшілікке ұсынды.

«Абай - ұлттың рухы, Абай - әдебиеттің күре тамыры» атты ой-толғам жазу жұмысы, «Абай өлеңдері және ұлттық поэзия» атты сұрақ-жауап, «Абайдың тау тұлғасын таниық» атты интелектуалды ойын өткізілді.

Кітапханашылар «Даналықтың басы - кітаптан, қазақ руханияты Абайдан нәр алады» тақырыбындағы кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасап өтті.

Іс-шара соңында, оқырмандар бір-біріне «Абайдың қара сөздері» атты кітапты сыйға тартты.

**ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,**
**Түлкібас аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Тастұмсық ауылдық кітапханасының кітапханашысы,**
**Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.**
**Ә. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің "қазақ тілі мен әдебиеті" білім бағдарламасының магистранты**

# ШӘКІРТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДЕ ӘЛЕМ НАРЫҒЫНДАҒЫ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТЕЛЕУ

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,**
**Қазақстан Республикасының Президенті:**

*«Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс артып келеді.*

*Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс.*

*Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет.*

*Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады».*

**(«Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан. 2025 жыл, 8 қыркүйек)**



Мемлекет басшысының биылғы жылғы 8 - қыркүйектегі Жолдауында әлемдік деңгейдегі мамандардың қажет екенін қадап айтты. Бұл тапсырманы ұстаз қауымы жүрегіне жылы қабылдап, бала оқытудағы мол тәжірибесі, өнегесі мен жаңашылдығымен жауап беру керектігін сезінді. Солардың қатарында Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп- интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп келе жатқан мен де жаңашыл ұстаз тапсырмасын қолдап отырмын. Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетін - (Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді мемлекеттік педагогикалық университетінің филология факультетін) 1984 -1988 жылдары бітіріп, алғашқы ұстаздық баспалдағымды 1988 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жангелдин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып бастадым. 2008 жылдан Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп- интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімімін.




Мектепте сабақ беріп келе жатқаныма 40 жылға жуық уақыт бедерінде үнемі әлемдік және республикамызға танымал білім беру мен тәрбиедегі тәжірибесі кеңінен таралған ұлағатты ұстаздар өнегесінен үйреніп, үлгісінен үлгі алып келемін. Өзім де кейінгі жылдары жылдар бойы білім саласында жинаған тәжірибемді жас ұстаздарға үйретуден жалыққан емеспін. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша әдістемелік құралдар жазып, тарату ісі де - ұстаздық тәжірибемнің бір қыры. Атап айтқанда «Liberal Arts» қағидалары негізінде креативті оқыту» оқу-әдістемелік құралын шығардым. «Данышпан тұлғаның даналық ойлары» - жинағының құрастырушылардың бірімін. Ж.Аймауытов және «Сатылай кешенді оқыту технологиясы» атты Халықаралық САММИТ мінберінен баяндама жасадым. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонав туралы «Данышпан тұлғаның даналық ойлары», ғалым Асқар Жұбанов оқулары – ІІІ (тұрақты ғылыит тіл танымдық алаңы) жинағына тәжірибелік мақалаларым енді.

Отан соғысының ардагері, майдангер қаламгер, детектив жанрының негізін салушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына арналған «Кемел Тоқаев және ұлттық әдебиеттегі детектив жанры» атты ғылыми – теориялық конференцияға оқушыларыммен бірге қатыстым. Жаңашылдықты қалай меңгерудегі шәкірт жетістігімен бөлісу. Бұл ретте «Үздік авторлық бағдарлама» бойынша сертификат, Алғыс хаттар мен дипломға ие бодым.

Республикалық ғылыми жобалар мен сайыстардан 2024 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада Мұзтар Еңлік 3 дәрежелі диплом иеленсе, халықаралық XXV "Абай оқуларында" Жаныбекқызы Кәусар ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды. ҰБТ қорытындысы бойынша оқушыларым 133 пен 108 аралығында балға ие болып, мектепте 11 жыл алған білімін дәлелдей алды.

Мектеп түлектерінен Хомутсов Василий ҚазҰПУ – дің грант иегері. Асқар Дамир - Сүлеймен Демирел атындағы университеті, Балдан Қамарсұлу Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, Иосова Айсұлу, Талғат Нұрсұлтан - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тұрған Нұрбану, Мүсірәлі Жанбота - Қазақ қыздар Ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін таңдап, ұстаздық етуге бел байлап, жоғары білім алуда.

**ТАЙГАРИНА Гульмира Кадрбековна,**
**Абай атындағы РММИ қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің жоғары санатты мұғалімі. Педагог-шебер**
**ҚР ОАМ «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері.**
**ҚР ӘМ Республикалық «Жас дарын» орталығының «Педагогика саласының үздік қызметкері».**
**«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері**

# Ауыл қарттары




Дүниеге келер бір рет,
Дария-кеуде,
Тау-мүсін,
Құрыштан құйған құдірет –
Қарттарым, аман-саумысың?

Өздерің болсаң жанында,
Ел іші жомарт,
Еңселі,
Дән иісі жүрген қанында
Даламның бір-бір бөлшегі.

Арада жылдар жөңкіліп,
Алыстап кеттім біртіндеп,
Айта алмай ауыз толтырып
«Ассалаумағалейкүм!» – деп.

Өзге бір менде жоқ тілек,
Өздерің көзбен баққаным,
Жайлы жер іздеп кетті деп,
Жазғыра көрме, қарттарым.

Ердім бір сиқыр қаламға,
Шығардым белге жыр көшін.
Болғам жоқ алаң,
Даламда,
Әулие қарттар жүргесін.

Жанды ғой бағы даланың,
Сендерге қуат, дем берсін.
Киесі де оның сендерсің,
Иесі де оның сендерсің.

Алдында жүрші көзімнің,
Асылым, алтын қазынам.
Ауыра қалсам, өзіңнің,
Пейіліңмен-ақ жазылам.

Сағынтып талай жыр туар,
Оралар әлі-ақ сан жыршы.
Даламның иісі бұрқырап,
Қарттарым, аман-сау жүрші!

**Сағи Жиенбаев**

# Шежірелі қартың болса

Шежірелі қартың болса,
Қағазға жазған хатың деген,
Қарттың сөзі кітапқа жақын деген.
Жер ортада өлмесін атың деген,
Ер ортада өлмесін қатының деген.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Иманыңнан басқадан жақын деген.
Жігіттің алған жары жаман болса,
Қаншық иттей тақымдар кәпір деген.
Ата-бабаң үлгісі,
Қазылған қара жолмен тең.
Ағайының көп болса,
Ұлұғ әскер қолмен тең.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Жұмақтағы хормен тең,
Егер де жаман болса
Мына маңдайға біткен сормен тең.
Уа, жігіттер,
Әйел алсаң қарап ал, ақылдысын,
Ол сенің ақыреттік жақын кісің.
Келген мейманыңды және туғаныңды
Бірдей тәрбиелеп,
Ол және ұмытпасын хақтың ісін.

**Шал Құлекеұлы**

# Мен қарапайым қарттарды сүйем

Мен қарапайым қарттарды сүйем,
Не деген керім еді!
Не біледі осы жұрт, не біледі?!
Бабалардың баласы - қариялар
Сиреп бара жатқандай көрінеді.
Сақалыңнан айналдым, қарт-бабалар,
Ұрпағыңа не айтасың артта қалар?
О, тірі шежірелер, қалдырыңдар,
Қанеки, нелерің бар салтқа жарар?
Қанеки, нелерің бар, Аталарым?
Ұрпағыңа ұран қып апарамын.

Сенімдеріңді ақтаймын, ақтаймын да,
Сендердің мұрагерің атанамын.
Осылай деп қарттардан қалап келем,
Өнеге, өсиетін санап көрем.
Санап көрем... тоймаймын... сұранамын,
Себебі мен де бір күн жауап берем.
Қарттар бізді тастайды-ау, күйінемін,
Ой, өмір-ай, неғылған қиын едің!?
Сондықтан да садақ боп иілемін,
Сауыт болам, тек қана киіне біл...

**Мұқағали Мақатаев**

# Қарияларға бата

Түндерің тыныш болсын,
үйлеріңе ырыс толсын!
Келіндерің есті болсын,
ұлдарың сесті болсын.
Балаларың қуаныш әкелсін,
немерелер жұбаныш әкелсін.
Орындарың төр болсын,
дастарқандарың мол болсын!
Қатарларың көп болсын,
уайым-қайғы жоқ болсын.
Жастардың қазасын көрмеңдер,
зұлымдардың жаласын көрмеңдер!
Еліңде бірлік болсын,
жарасты тірлік болсын!
Әумин!

**Фариза Оңғарсынова**



# Қариям

Үлкендік деген,
Кісілікке бастайтын жол,
Үлкендік деген,
Асып та таспайтын жол.
Құлақ ас қарттың сөзіне,
Жаралған өмір сазынан.
Аманат етер өзіңе,
Қария қартың қазынаң.
Дариясына қарап,
Арындары асқандар бар.
Қариясына қарап,
Қарыны ашқандар бар.
Аман болсаң алдан жетіп,
Қариялық та келер ғой.
Балам болсаң арман етіп,
Қартая білу өнер ғой.

**Шөмішбай Сариев**

# Қарттарым

Қарт қазынам, елдегі қырандарым,
Ұрпағыңа жазылар ұрандарың.
Өнегелі сөз айтсаң, өрлей түсіп,
Немғұрайлы ісіңе қуанбадым.

Отбасыңмен, отаның самғау үшін,
Керек сенің жүйелі жан дауысың.
Тайқып жүрген орнынан қарттарым көп,
Абаданға, игізіп ар-намысын!

Өзін тудым, мінезін таппағанбыз,
-дейді көп қарт, ең оңай, жаттап аңыз.
Ниетпенен, о, бастан еңбек болса,
…рахатын көресің, шақта нағыз!

Қаймықпаса, ұл-қызың қаһарыңнан,
Әже батыр, не тәйір ата қыран?
Ұрпақ қисық, жол жүрсе сен айыпты,
Көргенінен, себебі татады дәм!

Абыройлы қарттарым, бақ шынарым,
Білем бұлақ, лай суды жатсынарын.
Босағасы, беделдің берік болсын!
Шаңыраққа, шындықтың жақ шырағын.

**Гүлсім Сатыбалды**

**https://www.zharar.com/**
**Сурет: https://www.youtube.com/**

# ҰЗАҚ БАҒАЕВ МҰРАСЫ - МӘҢГІ ӨНЕГЕ





**Әр халықтың тарихында елге елеулі еңбек еткен, өзінің білімі мен қабілетін халық игілігіне арнаған тұлғалар болады. Солардың бірі-көрнекті мемлекет қайраткері, білікті журналист, халқының адал перзенті Ұзақ Бағаев.**

Бүгінде Алматы облысы, Кеген ауданы, Алғабас ауылында орналасқан орта мектеп Ұ.Бағаевтың есімімен аталып, білім ошағында кішігірім естеліктері сақталған шағын мұражай бар. Бұл шағын мұражай-атамыздың игі істерін дәріптеудің алтын көпірі іспетті.

Ұзақ Бағаев 1930 жылы Кеген ауданы, Алғабас ауылында дүниеге келген. Алғашқы сауатын ауылдық бастауыш мектептен ашып, кейіннен Жалағаш қазақ орта мектебін үздік аяқтап, сол жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түскен. 1952 жылы оқуын тәмамдап, еңбек жолын «Социалистік Қазақстан» газетінен бастаған. 1962 жылы «Ленин жолы» газетінің редакторы, 1968 жылы Талдықорған облыстық «Октябрь Туы» газетінің, 1969 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болған. Сонымен қатар, Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің мүшесі, КОКП журналистер одағы басқармасының мүшесі болып сайланып, елдің саяси-әлеуметтік өмірінде де айрықша рөл атқарды.



Ұзақ Бағаевтың ерен еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. Ол «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Аз ғұмырында халыққа қалтқысыз қызмет етіп, қаламын да, қайратын да туған еліне арнаған абзал азаматтың өмірі кейінгі ұрпақ үшін өшпес өнеге болып қала бермек.

Мектептегі шағын мұражайда Бағаевтың өмір жолы мен қызметін айғақтайтын құнды деректер, фотосуреттер, құжаттар, баспасөз материалдары мен жеке заттары қойылған. Бұл мұражай оқушыларға тек тарихи мәлімет беріп қана қоймай, оларды адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

Мектеп мұражайының тағы бір ерекшелігі – ол ауыл тарихымен де ұштасып жатыр. Себебі Ұзақ Бағаевтың есімі – Алғабас ауылының ғана емес, күллі елдің мақтанышы. Оның есімін иеленген мектеп пен ондағы мұражай – туған жердің киелі мекенге айналуына, жас ұрпақтың өз ауылынан шыққан ірі тұлғаға қарап бой түзеуіне зор ықпал етеді.

Ұзақ Бағаев атындағы мектеп мұражайы – тек өткенді танытатын орын ғана емес, болашаққа жол сілтейтін рухани қазына. Мұнда ұрпақ пен тарихтың арасын жалғайтын құндылықтар жатыр. Сол себепті бұл мұражайдың әрбір жәдігері – жас ұрпақ үшін баға жетпес қазына, ал Ұзақ Бағаевтың өнегелі өмір жолы – адалдық пен табандылықтың, білім мен еңбектің мәңгілік үлгісі.

**Айзат БАҚБЕРГЕН,**
**Ұ. Бағаев атындағы орта мектептің**
**11- сынып оқушысы,**
**Жетекшісі: Акчабарова Аяжан Маратқызы**
**Алматы облысы, Кеген ауданы, Алғабас ауылы**






# «ЖАЗУЫМДЫ ТҰРАДЫ ЫЛҒИ КҮН ОҚЫП»

**Қазақстан Жазушылар кітапханасында ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Сәулеш Шәтенованың «ЖАЗУЫМДЫ ТҰРАДЫ ЫЛҒИ КҮН ОҚЫП» атты кітабының таныстырылымы өтті**.

Іс-шараға қаламгерлер, ақынның студенттік достары мен жастар сонымен қатар ақын шығармашылығының шынайы оқырмандары қатысты.

Іс-шараны жүргізген модератор ақын, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ф.ғ.д, профессор Бауыржан Жақып кеш иесінің шығармашылығына қысқаша тоқталып, ақжарма тілегін арнады.





Кітаптың тұсаукесер салтанатында филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА академигі, Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы Қансейіт Әбдезұлы, жазушы, драматург, аудармашы, Ғ.Сыланов атындағы сыйлықтың иегері, «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы Нұрлан Қами және студенттік достары ақын тақырыбының ауқымды, тілі шұрайлы, көптеген мәселелерді өлеңдеріне қосқанынын айта келе, жаңа кітапқа құтты болсын айтысып, иығына шапан жапты.

Шара барысында ақын Сәулеш Шәтенова өзінің өлеңдерінен үзінділер оқыды. Дәстүрлі әнші Ідірбай Байбақты домбырада халық әндерін орындап, Алматы қаржы-экономикалық колледжінің студенттері автордың өлеңдерін оқып, күмбірлете күй, бишілер биден өнер көрсетті. Кітапхана жетекшісі М. М. Мұхаммедова алғыс айтып, кітапхана атынан имидждік сыйлық табыстады.

Атыраулық құрбыларын кейбір курстасы әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-нің журналистика факультетін бітіргеннен кейін, қырық жылға жуық уақыттан соң кездесіп отырғанын айтқан Мейрамбек Шілдебаев, Қызылордадан арнайы келді.

Ақын курстасымен бас қосқан журналистер бір мәре-сәре болып, студенттік өмірге барып қайтты.

**@meirambektembayev**
**@library.almaty**

# Тағдыр тәлкегін жеңген тұлға – Дәмеш Ермекова - Жүргенова



**Қазақ тарихында тағдырдың сан қилы сынағына төтеп беріп, қайсарлығымен, адалдығымен, еліне сіңірген еңбегімен өшпес із қалдырған ару аналар аз емес. Солардың қатарында есімі ерекше аталатындардың бірі – дәрігерлік мамандығын халық игілігіне арнап, қоғам ісіне белсене араласқан, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері атанған Дәмеш Әмірханқызы Ермекова. Ол – халқымыздың көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің жұбайы ғана емес, сонымен бірге өз заманының білімді, парасатты, қайраткер әйелдерінің алдыңғы шебінде болған тұлға.**

Дәмеш Ермекова 1905 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Беріктас өңірінде дүниеге келді. Жастайынан білімге құштар болып өскен ол әуелі Қарқаралыдағы мектепте, кейін Семейдегі медициналық гимназияда оқыды. Бұл оқу орындары сол кезеңде қазақ қыздары үшін үлкен жетістік саналатын. Әкесінің туған інісі, «Алаш» қозғалысының қайраткері, математик-ғалым Әлімхан Ермековтің қолдауымен Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне түсіп, 1929 жылы үздік тәмамдады.

Дәмеш Ермекованың сол кездегі таңдауы тек өзінің тағдыры үшін емес, қазақ қоғамы үшін де маңызды қадам еді. Өйткені XX ғасырдың алғашқы ширегінде жоғары білім алған қазақ қыздарының қатары санаулы болатын. Ол сол буынның алдыңғы легінде болып, жаңа дәуірдегі білімді, кәсіби әйелдің бейнесін қалыптастырды. Университет қабырғасында жүргенде ол медицина ғылымының әр саласына ден қойып, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласты. Жас ғалым ретінде лекциялар тыңдап қана қоймай, қыз-келіншектердің білімін жетілдіруге бағытталған бастамаларға қолдау білдірді. Кейінгі жылдары Дәмештің табандылығы мен еңбекқорлығы оны қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі ретінде тарихта қалдырды.

1926 жылы Дәмеш Ермекова қазақ мәдениеті мен ағарту ісінің көрнекті қайраткері, болашақ Қазақстан халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновке тұрмысқа шықты. Бұл некелік одақ қос әулеттің де мерейін өсіріп қана қойған жоқ, қазақ зиялыларының бас қосқан үлкен шаңырағына айналды. Жас отбасы алғашқы жылдары Ташкентте ғұмыр кешіп, бір жағынан ғылым-білім жолында еңбек етсе, екінші жағынан қоғамдық істерге белсене араласты. Дәмештің жан-жары Темірбек сол кезде мәдениет, өнер, білім саласында елдің болашағы үшін табанды қызмет атқарып жүрген қайраткер еді. Ерлі-зайыпты екеуі бір-бірін қолдап, ортақ мұрат жолында демеу болды. 1929 жылы шаңырақ көтергеннен кейін дүниеге ұлдары Шоратай келді. Өкінішке қарай, сәбилері үш жасқа толғанда шетінеп, бұл отбасының жүрегінде өшпес жара қалдырды. Алайда тағдырдың осындай сынағына мойымай, Дәмеш пен Темірбек өзге туыстарына қамкор болып, балаларды бауырына басты. Жақындарының жетім қалған перзенттерін асырап, оларға ата-аналық мейірімін төкті. Бұл олардың кеңпейілділігін, үлкен жүректілігін айқындады. Сол жылдары Жүргеновтер отбасы



Ташкенттегі қазақ зиялылары жиналатын рухани ордалардың бірі болды.

Бақытты отбасының берекесін 1937 жылдың зұлматы бұзды. Қуғын-сүргіннің қара дауылы әуелі Темірбек Жүргеновті шарпыды. Оған «халық жауы» деген жала жабылып, 1937 жылы атылды. Артынша-ақ Дәмеш Ермекова да «халық жауының әйелі» деген айыппен тұтқындалды. Осылайша бір әулеттің тағдыры талайлы нәубеттің құрбанына айналды. Дәмеш 1938–1946 жылдары Қарағандыдағы Карлаг пен Ақмола маңындағы «Алжир» лагерінде жазықсыз азап шекті. Оның тағдыры ауыр сынақтарға толы болды. Диссертациясын аяқтай алмады, ғылымға қосар үлесі орта жолдан үзілді, ана болу бақытынан да айрылды. Дегенмен, асыл армандары жойылғанымен, жүрегіндегі мейірім мен кәсібіне деген адалдығы сөнген жоқ. Лагерьде ол дәрігерлік мамандығынан қол үзбей, сырқат әйелдерге жәрдем көрсетті, босанған аналарға қолдау жасап, талай жанның өмірін сақтап қалды. Қатал тәртіп, ауыр еңбек, күнделікті жоқшылық пен қорлыққа қарамастан, Дәмештің қайсарлығы мен төзімі өзгелерге үлгі болды. Ол лагерьдегі әйелдерге рухани тірек болып, «қайтсек те тірі қалу керек» деген сенімді жүректеріне ұялата білді.

1946 жылы сталиндік зобалаң жылдарынан кейін Алматыға оралған Дәмеш Ермекова дәрігерлік мамандығына қайта оралып, денсаулық сақтау саласында қажырлы еңбек ете бастады. Әуелгі жылдары ол Алматыдағы дәрігерлер институтында жұмыс істесе, кейін Қарағанды қаласына қоныс аударып, туберкулез ауруханасында көп жылдар бойы науқастарға шипа берді. Қиындық көрген тағдырын артқа тастап, бар күш-жігерін халықтың денсаулығын жақсартуға арнады.

Дәмештің табандылығы тек медицина саласымен шектелген жоқ. Ол өзінің сүйікті жары, көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің есімін ақтап шығу үшін күресті. 1950-жылдардың басынан бастап КСРО Бас прокуратурасына, түрлі мемлекеттік мекемелерге үздіксіз хат жазып, әділдікті талап етті. Оның бұл күресі он жылдан астам уақытқа созылды. Ақыры қажырлы еңбегі ақталып, 1957 жылы КСРО Жоғарғы Сотының шешімімен Темірбек Жүргенов толық ақталды. Бұл жаңалық Дәмештің ғана емес, тұтас қазақ зиялылары мен халқының рухын көтерген үлкен тарихи оқиға болды.

1956–1973 жылдары ол Алматы мемлекеттік медициналық институтында ұстаздық етіп, мыңдаған жас дәрігердің кәсіби білімін жетілдіруге атсалысты. Тәжірибелі маман ретінде студенттеріне тек медициналық білім беріп қана қоймай, қиындыққа мойымайтын қайсарлықты, адалдықты, адамгершілікті де үйретті. Оның шәкірттері кейін Қазақстанның түкпір-түкпірінде денсаулық сақтау саласының білікті маманына айналды. Өз мамандығына адалдығы мен қоғамға сіңірген еңбегі ескеріліп, 1966 жылы Дәмеш Ермековаға «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері» атағы берілді. Бұл оның қайсарлығының, үздіксіз еңбегінің, ел алдындағы зор қызметінің әділ бағасы еді.

Дәмеш Ермекова 1990 жылы өмірден өтті. Артында адалдықпен өрілген, қайсарлықпен шыңдалған ғұмыр жолын қалдырды. Оның есімі кейінгі ұрпаққа тағдырдың қандай сынағына да мойымай, шындық үшін күрескен, әділдік жолында қайтпаған қайраткер әйелдің символы ретінде қалды. Оның ғұмыр жолы – қазақ әйелінің төзімі мен қайсарлығының, еліне деген адалдығы мен сүйіспеншілігінің айқын дәлелі.

**Автор: Ернұр ІЗІМ,**
**https://e-history.kz/**

**Қазақстанда алғаш рет «ұлттық» мәртебеге ие мектептің негізі қаланды. Бұл мәртебеге ие болған – қазақ руханиятының алтын бесігіне айналған, талай дарынды шәкірттің қанатын қатайтқан білім ордасы – Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты. Мектеп-интернат бүгінде еліміздің ертеңіне жарқын болашақ сыйлайтындай үміт артар құрметке ие болмақ.**



# МЕКТЕБІМНІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛСЫН!

2024 жылдың 13 қарашасы – осы мектеп тарихындағы жаңа белеске айналған күн. Дәл осы күні «Ұлттық Абай мектебінің» іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға мектеп түлегі, ҚР Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев және Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы қатысып, білім ордасының болашақ бағыт-бағдарын айқындап берді.

Абай РММИ – елімізде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын бірегей мектеп-интернат. Оның тарихы 1957 жылдан бастау алады. 2003 жылы Үкімет қаулысымен білім ордасы «Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты» атағын иеленіп, ал 2006 жылы ресми түрде Абай есімі берілді. Осы кезден бастап мектеп қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын бағытқа көшті. Қазіргі таңда біз білім алып отырған мекеме оқушылардың дамуына, заманауи тенденцияларды меңгеруіне жағдай жасап, түрлі бағыттарда жұмыс жүргізілуде. Мектеп қабырғасында оқушылар тек сапалы білім алып қана қоймай, өз қабілеттерін жан-жақты дамытады. Бұған дәлел – мектеп ішінде тұрақты түрде жұмыс істейтін түрлі ұйымдар мен үйірмелер. Мәселен, ой ұшқырлығын ұштайтын «Infact» дебат клубы, сөз өнерін дәріптейтін «Dilmar» шешендік өнер клубы, заманауи технологияларды меңгертетін «Antares» робототехника клубы әр салада оқушылардың биіктен көрінуіне жол ашып отыр.

Өнер саласына да ерекше көңіл бөлініп, Абай атындағы ҚазҰПУ-мен бірге ұйымдастырылған жас таланттарды актерлік шеберлікке баулитын «Шаңырақ» ұйымы өз жұмысын жүргізуде. Ұйымда оқушылардың сахналық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың ішкі әлемін байытып, шығармашылық қиялын қанаттандыруда.



